

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ БАҒАЛАУЫШТЫҚ КОННОТАЦИЯ

Раева Әсемгүл

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультетінің 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ. д., профессор Т.Ә.Әбдіғалиева

Тіл туралы көзқарастар мен теориялар, пайымдаулар мен жорамалдардың кейбірі сөздер мен сөз тұлғаларының қолданылу барысындағы қосалқы мағынасына қатысты болып келеді. Мұны тіл білімінде әр алуан жолдармен түсіндіруге талпынуда. Негізінен, коннотация терминінің айналасына біршама көзқарастардың жиынтығы қалыптасты деуімізге болады. Егер тілдік бірлікте мәдени ақпарат болса, онда екі жүйені, яғни тіл мен мәдениетті біріктіріп, олардың өзара байланысын сипаттайтын категорияның да болуы тиіс. Осындай көрініс ғалымдардың айтуы бойынша, коннотация ұғымының мазмұнына сәйкес келеді.

Тіл білімінде коннотация мәселесі – көптен бері және жан жақты сөз етіліп келе жатқан лингвистикалық категориялардың бірі. Коннотация ұғымына қатысты берілген және осы күнге дейін беріліп келе жатқан түрлі анықтамалар мен ой-тұжырымдар, біріншіден, коннотацияның тілдік табиғатының әлі де толық танылып болмағанына көз жеткізсе, екіншіден, бұл коннотацияның сан қырлы құбылыс екендігін көрсетеді.

Фразеологиялық коннотацияны сөз етпес бұрын, коннотация туралы ғалымдардың тұжырымдарына назар аударсақ. Жалпы тіл білімінде алғаш рет коннотация терминін ғалым Блумфильд енгізген. Коннотация тіл бірлігінің эмоциялық бағамы немесе стилистикалық реңі. Кең мағынада коннотация тіл бірлігінің грамматикалық және заттық ұғымдық (денотаттық) мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті сапа беретін бөлігі. XIX ғасырдың аяғынан бастап коннотация термині эмоциялық бояуы бар сөздерге байланысты қолданылған. Ғалымдар тарапынан коннотация терминіне берілген анықтамалар жалпы тіл білімінде көптеп кездеседі. Ал қазақ тіл білімінде коннотация құбылысының танылуы зерттеушілер еңбектерінің лексикалық мағына, екіншілік номинация, лингвопоэтика, лингвостилистика, прагматилистикаға қатысты аспектісіне сәйкес қамтылып, түсіндіріледі.

Ғалым Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: Коннотация (лат. *Connatatio*, *connate* қосымша мағынаға ие) – тіл бірлігінің эмоциялық, стилистикалық реңі. Кең мағынада коннотация тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық (денотативті-коннотативті) мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті рең беретін кез келген түрі. Тар мағынада коннотация – тіл бірлігі мағынасының бір бөлігі, сол мағынаның ассоциативті-бейнелік ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағына, яғни троп не сөйлеу фигурасына тән мағына [1,158].

Коннотация – тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық реңі. Кең мағынада, коннотация тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық (денотативті) мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті сапа беретін кез келген бөлігі. Коннотация – сөйлеушінің эмпирикалық (тәжірибелік) тарихи-мәдени, танымдық біліміне, олардың сөз болып отырған нәрсені ұнатуы не ұнатпауына (бағалауына), стильдік деңгейге, тіл қызметінің саласына, олардың әлеуметтік қатынасына және т.б. байланысты болатын құбылыс. Тар мағынада – тіл бірлігі мағынасының бөлігі, сол мағынаның ассоциативтік-образдық ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағынасы [2,109].

Коннотация дегеніміз – эмотивтік, ассоциативтік-бейнелі және стилистикалық семалардың жиынтығы болып табылатын, таңбалайтын объектілердің белгілерінен гөрі сөйлеушінің таңбаланушыға және сөйлеу шартына қатысын білдіретін номинативтік бірліктер мағынасы [3,104].

Прагматиканың бір мүшесі болғандықтан, коннотаттық макрокомпонент сөздің семантикалық құрылымына тікелей кірмейді, ол тек қана мағынаға қосымша, үстеме түрде

әсер етеді. Бұл әсер ету, мағына бөлігінің ішінде қосымша рөл атқарады және бұл мағына бөлігі коммуникативтік акт кезінде айқын көрінеді [4,76].

Коннотация –экспрессивті бағалаушы стилистика категориясы бола отырып, стилистикалық норманы құраудың негізгі тәсілі [5,28].

Қазіргі семасиология саласында «коннотация» ұғымының мазмұны бастапқы мағынасымен салыстырғанда әлдеқайда кең, әрі әртүрлі мағынаға ие болғандығын жоғарыдағы ғалымдардың коннотация терминін әр түрлі қырынан сипаттауынан көруге болады. Аталған ұғым бастапқы кезде тіл білімі саласында тілдің номинативтік бірліктерінің экспрессивтілік бояуымен ғана байланысты қарастырылған. Профессор Р.Авакова коннотация құбылысының жан-жақтылығын мына пікірімен де дәлелдей түседі: «...Тіл білімінің бұл феноменіне деген ой желісінің күрделілігі жинақталған материалдар негізінен шығып отыр. Сөздер мен сөз тіркестерінің бойындағы мағынаны толықтыратын қосымша экспрессивтілік, тілдің ұлттық ерекшеліктері мен мәдени құндылықтары оларға ерекше прагматикалық әсер, яғни сөйлеуді айшықтандыратын нәтиже беретіні сөзсіз». Сонымен автор коннотацияға ғалымдар тарапынан берілген мынадай негізгі белгілерді атап көрсетеді:

- Мағынаның денотативтік аспектісіндегі қосымшалық мағына;
- Денотациямен салыстырғанда коннотацияның екіншілігі;
- Эмоционалдық, экспрессивтік және бағалағыштық информацияны білдіруі [3,96].

Алайда ғалым жоғарыда көрсетілген белгілер коннотацияның лингвистикалық мәртебесін толық аша алмайтындығын, әсіресе, сөздің немесе фразеологизмдердің семантикалық құрамындағы коннотацияның сипатын анықтауда бұл белгілер жеткіліксіз екендігін айтады. Себебі ғалымдардың бір тобы бұл құбылыстың сипатын семиотикалық тұрғыдан түсіндірсе, екінші бір тобы психологиялық тұрғыдан және де философиялық тұрғыдан сипаттауға тырысқан.

Жалпы тіл білімінде коннотация теориясына қатысты мәселелер тек оның тілдік мәртебесімен ғана шектелмейді. Себебі коннотацияның функционалдық, мазмұндық типологиясы да ғалымдардың зерттеуінде түрлі топтастырулардың болуымен ерекшеленді. Мәселен, орыс тіл білімінде Л.Сергеева мазмұндық немесе сипаттамалық, экспрессивті-бағалылық және нормативтік, В.И.Говердовский контекстік, тақырыптық, тарихи-мәдени, тарихи-тілдік және экспрессивті-бағалағыштық деп бөледі [3,107-109]. Коннотацияның мазмұндық типологиясына қазақ тіл білімінде ғалым С.Қоянбекова көңіл аударған. Ғалымның бағалау коннотациясы (тілдік бірліктердің экспрессивті-стилистикалық мағынадағы кең тараған типі және құрылымы); пейоративті (стилистикалық боялған бірліктердің паралель қолданылып, сөйлеудің экспрессивтілігін күшейту және қоюландыру тәсілі арқылы жасалған коннотация); бейнелік коннотация (семантикалық екі қырлы болады, яғни абстракті бейнені сезімдік-көрнекілік фонда көрсету және айқын коннотациялар арқылы нақты-бейнелік, сезімдік көріністерді белгілеу); функционалды коннотациялар (функционалды-стилистикалық коннотациялар, тіл бірліктері мен формаларын белгілі бір қоғамдық-сөйлеу тәжірибесінде қолдану нәтижесінде пайда болады); ұлттық-мәдени коннотациялар (ұлттық өзіндік құбылыстарды, халықтың рухани және материалды өміріндегі құбылыстарды бейнелейді) аталып көрсетіледі [6,16]. Коннотация құбылысына арналған еңбектерді шолу барысында ғалымдар тарапынан коннотацияның құрылымдық бөліктері әр түрліше танылып, коннотация ұғымы кең мағынада және тар мағынада қарастырылатындығы байқалады. Жалпы коннотация табиғатының сипаты, әсіресе, орыс тіл білімінде көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нысаны болды. Ал қазақ тіл білімінде коннотация құбылысы семиолог ғалымдардың еңбектерінде ішінара сөз болған, жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Сол себепті бүгінде ғалымдарды толғандырған мәселелердің бірі – бағалаушылық, экспрессивтілік және эмоционалдық компоненттерінің коннотация және денотация аспектілерінде орын алу деңгейі. Ғалымдардың пікірінше, бағалаушылық сема – ұғымның (түсініктің) прагматикалық компоненті, сондықтан ол денотация аспектісінің объектісі. Ал экспрессивтілік әрқашан сөздің (денотаттың) әдеттен тыс, жаңа тұлғасында көрініс тауып, нормадан ауытқыған окказионалдылықпен байланысты.

Жалпы алғанда, коннотацияның тіл бірлігіне эмоциялық, стилистикалық рең үстейтіні, кең мағынада коннотация тіл бірлігінің грамматикалық және заттық-ұғымдық мағынасы – денотатты толықтырып, оған экспрессивті рең беретін түрі, ал тар мағынада коннотация – тіл бірлігі мағынасының бір бөлігі, сол мағынаның ассоциативтік-бейнелік ішкі тұлғасын түсінуден туындайтын қосымша мағына. Сондай-ақ коннотация мағынаға үстеме түрде әсер ете алатын, тілдегі экспрессиялық нұсқаны жүзеге асырушы құрал болып табылады және эмоционалдылық, экспрессивтілік, бағалауыштық категориялары коннотаттық мағынаның компоненттері болып табылады.

«Коннотаттық мағына бөлігі эмоция мен бағадан тұрады. Адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды қабылдағанда, адам санасында сол заттардың өздерінен эмоция тууы мүмкін және сол заттар мен құбылыстарға деген баға қалыптасуы мүмкін», - дейді ғалым Ғ.Хасанов [4,78]. Бұл компонент субъективті сипаттағы қосымша хабардан тұрады. Сөздіктерде коннотаттық компоненттің бағалау коннотациясы арнайы бір белгілермен беріледі. Алайда, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де, фразеологиялық сөздіктерінде де ондай белгілер көрсетілмеген.

Коннотаттық бағалау коннотацияның табиғатын, мәртебесін, лексикалық мағынаның денотаттық бөлігімен байланысын қарастыруды қажет етеді. Денотатты бағалаудан бөлек, коннотатты бағалаудың болуы нәтижесінде сөз тілде эмоционалды-бағалауыштық мағынаға ие болады. Демек, бағалауыштық коннотацияны коннотацияның функционалдық типінде қарастырған ғалымдардың көзқарасы бойынша, бағалайтын коннотация объектінің эмоционалды бағасы туралы хабардан тұратындығын ескертеді. Сонымен қатар мағынада эмоционалды және экспрессивті коннотацияларға ие бағалайтын компоненттер болатындығы, аталған типте жағымды-жағымсыз эмоция, соған сәйкес бағалау жүзеге асатындығы да сөз етіледі.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердегі бағалауыштық коннотация арнайы зерттеу нысанына алынбаса да, ғалымдардың зерттеу еңбектерінде сөз болған. Атап айтсақ, ғалым С.К.Сатенованың қазақ тіліндегі жануарлар атауларымен байланысты фразеологизмдердің сипаттамасы туралы айтқан мына бір ойлары көңіл аударарлық «... халық малды тек бағып қана қоймай, оған тән мінез-құлықты, ерекшеліктерді байқап, адамдардың бет-пішінін, мінез-құлқын, іс-әрекетін сипаттау кезінде ұтымды пайдаланып отырған: *қойдан жуас, жылқыдан торы; жылқы мінезді (жігіт), теке сақал; бұзау тұмсық; қошқар мұрын; бота көз; түйе табан; бес биенің сабасындай; сиыр сипағанды білмейді; ешікінің асығындай; қой аузынан шөп алмайтын; тойған қозыдай т.б.*» [7,14].

Бағалау барысында адамның мінез-құлқының жақсы-жаман жақтары жан-жануарлар мінездерімен салыстырып отырып сипатталғанын байқауға болады. Қазақ халқының адамның жағымды-жағымсыз мінез-құлықтарын төрт түлік малдың жағымды-жағымсыз мінездеріне тели отырып, қолданғандығын, бағалау жүйесін осыған орай қалыптастырғандығын, сонымен қатар ұлттық тәрбие жүйесін жасағандығын да көруімізге болады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің мағыналас қатарларын антропоцентрлік және тілдегі адамдық фактор тұрғысынан зерттеген ғалым Г.Смағұлова бағалауыштыққа қатысты ойын былайша жеткізеді: «...мағыналас фразеологизм қатарында, әсіресе, коннотативті компоненттер түгелге дерлік бағалағыштық, сипаттағыш қасиетіне ие болып, эмоционалды жағы тым жоғары болады. Мұндай қатарларда адамға қатысты қасиеттер: жақтырмау, ұнатпау, менсінбеу сияқты ішкі сезімді бейнелейтін тіркестер бар», – деп ғалым мынадай тұрақты тіркестерді көрсетеді: *адамға санамау- адам қатарына қоспау-кісі (адам) құрлы көрмеу – көзіне ілмеу, қонышына теңгермеу-қор тұту – төмен санау- нысқырып та қарамау - ернін шүйіру – кекип қалу* . Мақтан сүйетін менмен адамның бүкіл қасиетін мынадай мағыналас қатар арқылы көрсетеді: *деміне нан пісу – көзіне шел біту – көңілі көкте, басы жерде – мейманасы асу – мұрнын көкке көтеру – аспанға қарау, аспанға қолы жеткендей – есек құрты мұрнынан түсу – көзінің еті өсу – Құдайын ұмыту – ханға сәлем бермеу – асып-төгілу – көкірек керу- жал біту – зор кеуде – шекесінен қарау – танауымен*

көк тіреу – ұртын көптіру т.б. [8,49]. Ғалым жоғарыдағы тіркестердегі компоненттердің мағыналық коннотацияларында айтушы немесе сөйлеушінің кекесін эмоциясы бағалауыштық қасиетте көрінетіндігін айтады.

Адам күрделі психологиялық құрылымға ие бола отырып, басқа адамдармен, қоғаммен байланыста болады. «Адамнан тыс бағалау жоқ» екені белгілі. Бұл бағалауыштық коннотация категориясын қарастыру мәселесін кеңірек, әлеуметтік контекстке қояды. Бағалауыштық мағынаның әлеуметтік сипатқа ие болуының себебі «адамдардың әлеуметтік ортаның жемісі болуында» деген орынды пікірді ғалым М.Оразов айтқан болатын [9,113]. Адам белгілі бір қоғамдық ортада өмір сүреді, солардың ортасында тәрбиеленеді. Осы қоғамдық орта сол қоғам мүшесінің көзқарасының қалыптасуына, дүниені түсініп, өзінше баға беруіне жағдай жасайды. Айналасындағы болып жатқан қоғамдық өзгерістерге, түрлі қарым-қатынастарға баға бергенде, осы қалыптасқан көзқарас шешуші қызмет атқарады. Бұл пікірімізге дәлел бола алатын тұрақты сөз тіркестерінен мысал келтірейік.

Фразеологиялық тіркестердің мірдің оғындай нысанаға дәл тиер қасиеті – оның бойындағы табиғи образдылығында, туынды мағыналығында. Мысалы, сараң деген жеке сөздің орнына *жұмыртқадан жүн қырыққан, Қарабайдай сараң, қу бастан қуырдақ алған* десек немесе *бос белбеу, су мұрын, биттің ішіне қан құйған, жыланның аяғын көрген, сиырдың жас бозындай, талағының биті бар, аузынан сөзі, қойнынан бөзі* десек, тұрақты тіркестердің сезімге әсер етер күшінің әлдеқайда басым екенін дәлелдеп жату артық сияқты. Сонда тіліміздегі *арыстандай айбатты, шаш ал десе бас алар, қоян жүрек, су жүрек, су жұқпас, дүние қоңыз, он саусағынан өнер тамған, балды бармақ* т.б. сынды адамның мінез-құлқына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер – адам мінезінің образды, бейнелі атаулары болуымен қатар адамға тән қасиеттерді де дәл бағалағанын көреміз. Сол сияқты мына мысалдар осы ойымызды дәлелдей түседі: *қорқақ – қоян жүрек, қатыгез – шаш ал десе бас алар, әділ – қара қылды қақ жарған, қу – жыланның аяғын көрген, мысық көмбе, сараң – дүние қоңыз, Шық бермес Шығайбай, жуас – мұрнын тескен тайлақтай, қой аузынан шөп алмас, батырлық – көкжал бөрі, қасқыр жүректі, сыпайы – тойған қозыдай, қыздай сызылған т.с.с.* Келтірілген мысалдың өзінен-ақ қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мінез-құлықтың адамның әр алуан қасиеттері мен сапалық ерекшеліктерін бағалауынан тұратындығын көреміз.

Демек, коннотациядағы компоненттің дифференциалдық белгісі болып табылатын баға сөйлеушінің тыңдаушыға, оның іс-әрекетіне, мінез-құлқына, затқа, құбылысқа көзқарасын, жеке талғамын, ой өрісін, дүниетанымын білдірумен қатар, кейбір жағдаятта сөйлеушінің ұлтының ой-пікірін, дүниетанымын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әдептілік ережелерін көрсетеді. Бағалау жүйесі әр мәдениетте әр түрлі. Бір этноста жоғары, жағымды бағаға ие болатын зат, құбылыс, іс-әрекет, мінез-құлық екінші елде жағымсыз бағалануы мүмкін. Егер адамның іс-әрекеті, мінез-құлқы сол елдің әдептілік ережелеріне, салт-дәстүріне сай болса, оған жағымды баға беріледі, керісінше болған жағдаятта жағымсыз баға беріледі. Әр халық іс-әрекетке, мінез-құлыққа, зат пен құбылысқа баға бергенде өзінің ұлттық мәдениетіне сүйенеді, соны негізге алады. Сондықтан әр ұлттың мәдениеті, әдептілік ережелері, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы бағалаудың ұлттық мәдени негіздері болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы, «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік Алматы, Сөздік, 1998. – 304 б.
3. Авакова Р.Ә. Фразеологиялық семантика. Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 152 б.
4. Хасанов Ғ. Лексикалық мағына. Орал: Ағартушы, 2005. – 148 б.
5. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагматилистикасы: оқу құралы. 2-бас. – Алматы, Қазақ университеті, 2008. -258 б.

6. Қоянбекова С. Қазақ тілінің экспрессивтік стилистикасының негіздері. Филол. ғ. д. д. автореф., Алматы, 2008 ж.
7. Сатенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: ф. ғ. к. д., Алматы, 1997. -260 б.
8. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: «Елтаным» баспасы, 2010. – 244 б.
9. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы, Алматы, 1991. -216 б.

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІ

Сальменова Жадыра Қуатқызы

zhadyra_95.s@bk.ru

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті,
Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доценті Шормакова Айжан Ботанқызы

Әр заманның өз жыршысы болуға тиіс. Рас, ұлы ақындар ұлт өмірінде өшпес із қалдырып, жырлары мәңгі жасайды. Солай бола тұра әр заманның сыры бөлек, ендеше жыры да бөлек қой. Қазір заман да, қоғам да, соған орай өмір де, адам да өзгерген шақ. Шын ақын – қашанда өзгеріс, қашанда жаңару мен жаңғыру. Әрине, ол өзгерістер, ол жаңару мен жаңғыру өзінен-өзі пайда болып, өзінен өзі түзіліп жатпайды. Олар ақын жанының қоршаған орта әсерімен, ең бастысы уақыт пен заман лебімен жанды байланысынан пайда болары белгілі.

Қазақ әдебиетінде тұлғалы ақындардың арасында бір өзі қос ғасырдың жүгін қатар арқалаған, өзі өмір сүрген замананың қоңыраулы үні де, қоңыр сазы да бола білген ұлттық поэзиямыздағы алып тұлғалы ақындарымыздың бірі әрі бірегейі – Кәкімбек Салықов. Ол – тәуелсіз қазақ елінде болып жатқан оң өзгерістердің барлығын жырға қосқан зейінді де зерделі ақын. Кәкімбек Салықов поэзиясында туған елін тірегіне, Астананы тәуелсіздік тақ-тұғырына балап, Қазақстанның күн сайын өркендеуін жыр-дестесіне арқау етеді.

Ақынның өлеңдерінде жұмыр жер бетіндегі тал бесіктей тербелген тыныштықты аңсап, ел бірлігін қасиет тұтқан ақынның биік мұраты жырларына мәңгілік арқау болып, азаматтық тұлғасы асқақтай түседі:

Сырласқандай самал желдің сыбыры.

Қандай ғажап ұлы тойдың дүбірі.

Жан толқытқан

Жалғыз ғана тілек бар,

Шексіз болсын тәуелсіздік ғұмыры,

Мызғымасын Қазақстан тұғыры [1, 8 б.].

Мазмұны мен көркемдік түрдің жарасым тапқан сипаты, ақындық тұлғасының айқындығы, дүниетанымының тереңдігі – бәрі халық жүрегінен жол тапқан, ақын тұлғасын биікке көтеретін бағалы қасиеттер.

Тәуелсіз елдің бір белгісі ондағы бар ұлттың ынтымаққа, бірлікте басқаруы, бас қосуы емес пе? Ақын еліміздегі ауызбіршілікті:

...Татумыз барлық ұлттың баласымен,

Дербес ел Қазақстан – Отанымыз,-

десе, тағы бірде:

Бірлесіп, білек қосып, бір өсейік,

Бір қазақ жер бетінде қалғанынша [2, 94 б.], - деп бар қазақ елін бір игі іске жұмылдыру, ымырашылдыққа үндеу идеясын тастайды.

Тәуелсіздік... Тәуелсіздік бізге оңай келмеді. Ұлтымыз бұл жолда не көрмеді? Сондықтан болар ақын өлеңдерінің дені қазақ елінің сан ғасырлар тәуелсіздікке жету жолындағы арпалыстары терең толғаныспен, телегей тебіреніспен жырланады: